

Құқық және қоғам

- 1. Т.Парсонс пен Р.Мертонның әлеуметтік жүйесіндегі құқықтың орны.*
- 2. Құқық қоғамдық жүйеде. Құқық әлеуметтік институты - әлеуметтік институттың түрі ретінде.*
- 3. Заң және заң шығару процесі әлеуметтануы*

Т.Парсонс және Р.Мертонның құқық туралы көзқарастары.

Еңбектері:

«Право и социальный контроль»,

«Социологические взгляды на юридическую профессию»,

«Система современных обществ».

Құқық – әлеуметтік жүйенің жүйешесі ретінде түсіндіріледі. М. Вебердің ықпалы анық көрініс берген:

1. *Әлеуметтік әрекетті түсінуі;*
2. *Әлеуметтік әрекеттің құрылымдық жүйесі әлеуметтік жүйені құрайды.*

Индивидтердің әлеуметтік әрекеттері жалпы құндылықтар жүйесіне бағытталған, ал олардың ішінде басқа құндылықтар мен қатар құқықтық құндылықтар да бар. Соның арқасында әлеуметтік әрекеттестіктер орнайды, жеке индивидтер әрекеттері басқалардың күтініміне сәйкес келеді.

*Социеталдық деңгейде шешілуге тиісті негізгі функционалдық проблема: қоғам үйлесімділігі – интеграция. Социумның **интеграциясын** әлеуметтік жүйенің құрылымдық компоненті болып табылатын нормалар қамтамасыз етеді.*

Т.Парсонстың творчествосындағы басты мәселе –әлеуметтік жүйелердегі үйлесімділік, әлеуметтік тәртіп.

Құқық әлеуметтануының қалыптасуына белгілі үлес қосқан Питирим Сорокин болды. Сорокиннің пікірінше әлеуметтану адамдар тәртібін зерделейтін ғылым. Ол рефлекторлық тұрпаттағы (акция - реакция) психофизиологиялық механизмдерге негізделген әлеуметтік тәртіп теориясы ретінде көрініс береді.

«Преступление и кара, подвиг и награда» деген еңбегінде.

П. Сорокин адамдар тәртібіндегі акция мен реакцияның үш түрін көрсетеді:

1) жасауға болатын әрекеттер – сәйкес реакция;

2) ұсынылған әрекеттер - марапаттау;

3) тыйым салынған әрекеттер - жазалаулар.

Р.Мертон

-Құрылымдық жүйе теоретигі ретінде әлеуметтік өмірдегі шиеленістер мен қарама қайшылықтардың салдарынан туындайтын құбылыстарды зерделеуге күш жұмсады.

Оның идеялары «Социальная структура и аномия», «Явные и латентные функции» атты еңбектерінде орын алды:

- **Әлеуметтік аномия** - моральдық құндылықтардың ыдырауымен және иеалдар ваакумының қалыптасуымен сипатталатын сананың ерекше өнегелік-психологиялық жағдайы.
- **Аномияның себебі**- қоғамда үстем етіп отырған мәдени «нормалар-мақсаттар» (тұлғалар үшін түрткілер болып саналатын байлыққа, билікке, жетістікке, т.б. жетуге ұмтылыс) мен институттар, осы мақсаттарға жету құралдары арасындағы қайшылықтар. Осы жағдай мақсатқа заңды жолмен жету мүмкіндігінен айырады. Аталған қарама-қайшылық қылмыс пен енжарлықтың негізі болады.

Мәдени нормаларды қабылдау немесе қабылдамауына байланысты адамдардың әлеуметтік әрекеттерінің түрлері:

1. конформистік – қоғамның әлеуметтік мақсаты және оған жету тәсілдері толық қабылданады (тыныш және заңға бағынатын азаматтар);

2) инновациялық – әлеуметтік мақсат қабылданады, ал оған жету тәсілі мойындалмайды (рәкет, жасанды ақша шығару, ұрлық, қызметті пайдалану т.б.);

3) ритуализм – әлеуметтік мақсатты түсінбейді, ал жету тәсілін бұзбайды (стяжательство-пайдакүнемдік, подлоги- арамдық жасау, махинация-құлық-сұмдық т.б.);

4) ретритизм – мақсатты да оған жету тәсілін де қабылдамау (анархизм, қаңғыбастық, нашақорлық);

5) бүлік, бунт – мақсатты да, оған жету тәсілін де өзгерту (радикализм, бостандық үшін күрес, саяси терроризм т.б.).

Америка зерттеушісі Н. Смелзер.

- ❖ *Девияция – конформизмнің антиподы.*
- ❖ *Девиянттылық әлеуметтік күтінімге сәйкестігімен немесе сәйкессіздігімен анықталады.*
- ❖ *Девияция – нақты бір топ қолдайтын нормаға сәйкес келмейтін және жазалауға дейі шара қолданылатын тәртіп.*

Адамдардың құқықтық құбылыстарға деген көзқарастары:

- *Заңгер болатын студенттер үшін құқық– кәсіби мамандық алу үшін қажетті деп саналатын оқу пәндері. Құқықты оқудың мәні мен мақсаты – юриспруденция саласынан кәсіби білім алу;*
- Құқықтанушы оқытушылар (құқықтық құндылықтарды ұстанушылар) үшін құқық – ғылыми пән, заңдар және құқықтық тәжірибе. Қызметтерінің мақсаты – құқықтық білімді болашақ заңгерлерге тарату «трансляция» және оларды болашақ тәжірибелік жұмысқа дайындау;
- *Адвокаттар үшін құқық - клиенттерін қорғаудың заңдық инструменттері;*
- Судьялар үшін құқық әлеуметтік қатынас субъектілері арасында қалыптасатын жанжалдарды шешудің – заңды механизмі.

□ *Саясаткер үшін құқық - саяси қызметтің бір түрі. Демократиялық қоғамда құқықтық мемлекет нормалары саясаткердің қызметінің құндылық аспектісі ретінде көрініс береді.*

□ **Бір кәсіпкерлерге құқық – адал, әлеуметтік жауапкершілікке негізделген бизнес жүргізу ережелері болса, енді біріне -«зорлықтың күшімен енгізілген ауыр жүк», сондықтан құқықтық міндеттерді орындаудан жалтару жолын іздестіреді.**

Құқық – әлеуметтік құбылыс және позитивтік құқық.
-«Позитивтік құқық – қоғамдық қатынастарды ретке келтіретін нормалардың жиынтығы. (Р. З. Лившиц.)
- Позитивтік құқық қашанда биліктің қызметінің нәтижесі... Себебі онда мемлекет апробациядан өткізген жазылған және олар арқылы қоғамдық қатынастар реттелген нормалар жинақталған.

–Зерттеушілер үшін де, құқықты қолданушылар үшін де құқық позитивті құқық болып табылады. Онда құқықтың нормативтік сипаты және баршаға міндеттілігі негізделеді. Құқықтың мәні позитивтіліктен тысқары болмайды.».

Құқық әлеуметтік әрекеттестік барысында қалыптасып қызмет атқарады. Қоғамды ұйымдастырудың және әлеуметтік реттеудің екі тұрпатын атауға болады:

- *персоноцентристік бағытты қоғамдағы – негізгі мақсат пен мән – адам, оның бостандығы.*
- *системоцентристік (социоцентристік) бағытты қоғамда – адам еркін индивид бола алмайды, ол тек «қоғамдық мақсатты» жүзеге асыру құралы болып табылады.*

Бүгінде құқық – әлеуметтік еркіндіктің өлшемі мен түрін көрсетеді.

Қоғамдық қатынастарды ұйымдастырудың және оның құрылымдық элементінің бірі-әлеуметтік институттар болып табылады. Оларға тән сипаттар:

1. Белгілі жағдайларға бағытталған тәртіп стандарттарының жиынтығы;

2. мақсатқа жетуге бағытталған, әлеуметтік қажеттілікті қанағаттандыратын қызметтердің болуы;

3. «мәдени-идеологиялық» жағының орын алуы;

4. нормативті жағының болуы;

Әлеуметтік институттар:

-сыртқы көрінісінің түріне қарай

-ішкі – «мазмұндық» көрініс түріне қарай сипатталады.

Құқық әлеуметтік институт ретінде әлеуметтік институттарға тән барлық ортақ сипаттарға ие.

Құқық - қоғамдағы әлеуметтік жүйенің ретке келуін, оның құрамдас бөліктері әрекеттестіктерін нормалар арқылы реттейтін әлеуметтік бақылаудың бір бөлігі.

Әлеуметтік бақылау:

- ◆ *кіші топтарда;*
- ◆ *үлкен топтарда – кәсіби топтың, қоғамдық ұйымдардың бақылауы;*
- ◆ *сыртқы бақылау;*
- ◆ *мораль, дәстүр, салт, әдеп, дін;*
- ◆ *заңды саяси бақылау түрлерінде жүзеге асады.*
- *Құқық саяси институттармен байланысты, сондықтан саясаттың құралы*
- *Құқық-қоғам жүйесінің әлеуметтік мәдени бөлігі болғандықтан ондағы үстем құндылықтың көрінісін бейнелейді.*

Құқық шығару - көпдеңгейлі процесс. Онда екі бағыт бар:

1. ресми құқық шығару- заңшығару актілер жүйесінің және басқа да құқықтық нормалардың қалыптасуы мен дамуын қамтамасыз ететін мемлекеттік және қоғамдық қызмет;

2. «көлеңкелі» құқықшығару - «сен маған мен саған» принципіне негізделген тәртіп ережелерінің тұтас жүйесін қалыптастырады.

Бұл істе әлеуметтану қандай рөл атқарады?

-ресми құқық шығару ісіне әсер ететін факторларды (экономикалық, табиғи-географиялық, экологиялық, демографиялық, саяси-құқықтық, идеологиялық-психологиялық) анықтау

- социологтар өзекті деген мәселелерді зерделеп, заң күшіндегі актілерді қабылдау барысына ұсыныстар жасай алады.

-социологтарды қоғамның стратификациялық жіктелуінің заң шығару үрдісіне әсері қызықтырады.

*Заң шығару әлеуметтануының бастауы - Г.Спенсер,
Ж. Карбонье есімдерімен байланысты.*

- Әлеуметтанушылар заң нормаларының жақсаруына әсер ете алады;

Г.Спенсер заңды жүзеге асыру барысында көрініс беретін таң қаларлық жағдайлар сипаттаған:

Өсімқорлыққа қарсы, қарызгерлердің жағдайын жақсартуды мақсат етіп қабылданған заңдар кері әсер берген;

1315 ж. ашаршылық тудырмау үшін қабылданған қатал баға орнату заңы көп ұзамай азық-түліктің көп түрі нарықтан мүлде жоқ шығуына байланысты алынып тасталды;

Жұмысшыларға кесулі көлемде жалақы төлеуге тырысу – өнеркәсіптің дамуына кедергі келтірді, халықты одан бетер күйзелткендіктен алынып тасталды

Заң шығару әлеуметтануының қажеттігі:

Заңның негативті әсерін азайту;

Заң қабылданғаннан кейінгі қоғамдық өмір жағдайын, себеп – салдарлық байланыстарды зерделеу;

Заңдардың адамдар тағдырына әсерін көрсету

Қоғамдық пікірдің заңдарға реакциясын талдау;

Қоғамның заңды жолмен реттеу қажеттілігі туындап отырған саласын анықтау

